Комиссия мүшелеріне

ХАТТАМАЛЫҚ ШЕШІМГЕ ШАҒЫМ

Конкурстың № **16705680-ГСЗ1**
Конкурстың атауы **Жастарды әлеуметтік қолдау мен дамытуға бағытталған іс-шараларды жүргізу» әлеуметтік жобасы**
Ұйымдастырушының атауы **"Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Құрметті комиссия мүшелері - Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді бағалау өлшемшарттары**,** 21 – қосымша және қағиданың Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігін бағалау бойынша біз **«Қармақшы жастары» ЖҚБ** толық құжаттарды салып отырмыз. Заң талаптарына сәйкес маманға төленген міндетті аударымдар бар болған жағдайда 4 балл беруге болады, Біздің заңды 4 балл беруді сұраймын.

Сонымен қатар - "**Ашық Азаматтық Қоғам**" ақпараттық-ресурстық орталығы" қоғамдық қоры мен **"Қызық орда"** шығармашылық тобы" қоғамдық қоры салған мамандардың міндетті аударымдары жоқ сол себептен **0 – балл беру керек**.

2 – ші мәселе хаттамада жұмыс тәжірибесін енгізбеген, бұл конкурс тәртібін өрескел бұзу деп санаймыз. Себебі конкурс бойынша жеңімпазды анықтау дәл осы **Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесіне байланысты, Біздің 10 жылдан аса жұмыс тәжірибемізді жазуды сұраймыз**

3 – ші мәселе Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса - тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі бойынша тиісті **6 – балл** беруді сұраймын.

Мемлекеттік сатып алу туралы
Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ.

11-бап. Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары

1. Әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) тартылатын қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы;

Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығын веб-портал мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен кірістер, төленген салықтар, негізгі құралдар, еңбекке ақы төлеу қоры жөніндегі мәліметтер негізінде автоматты түрде айқындайды;